***Көсембай негізгі мектебі***

**Көсембай негізгі мектебінің**

**2023 – 2024-оқу жылында**

**7 – 8-сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы**

***Жетекшісі:Елемесова М.А.***



***2023 – 2024 оқу жылы***

**Көсембай негізгі мектебінің 2023 – 2024 оқу жылында 7 – 8-сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы**

2023 – 2024 оқу жылы 7-сыныпта 4 оқушы; 8-сыныпта 7-оқушымен басталды. 7 сыныпта 3 ер бала және 1 қыз бала бар. 8 сыныпта 3 ер бала және 4 қыз бала.

Жылдық қорытынды сапалық көрсеткіші 7 сыныпта – 75%; 8 сыныпта – 57 % құрайды.

**Үздік оқушылар:** 7-сынып - Бөкенбай Бекарыс; Сисенов Бейбарыс; 8 сынып – Сеиткереев Мейрамбек

**Екпінділер:** Имағанбетова Кәусар – 7 сынып; Боранбай Айдана; Қанат Ерния3 – 8 сынып.

Көп балалы отбасы – Абдолов Есенкелді; Қанат Ерния3; Аз қамтылған – Сеиткереев Мейрамбек; Сансызбай Мадина.

Ең алдымен сыныптардың жаңа оқу жылына деген дайындығын бақылаумен басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата – аналармен байланыс жасалып, хабарлар алынды. 1 қыркүйек білім күнінен орай Алғашқы оқу жылы **««Мектебім - мейірім мекені»** атты сынып білім сағаты ұйымдастырылды. Өткізілген сынып сабағына мектеп ұстаздары, ата - аналар қатысып, оқушыларға өз білім ордаларын сыйлап, құрметтеу, ішкі тәртіп ережелерін сақтау туралы түсіндірме берілді.
Тәрбие бағыты бойынша 2023 – 2024 оқу жылының тәрбие сағаты тақырыптары бекітілді. Сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар өткізілді. Сынып оқушыларының ата – аналарымен үнемі онлайн (ватсап желісі), офлайн байланыста болып, түрлі іс – шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспарлы жұмыстарына (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел, т.б.), бала тәрбиесіне қатысты түрлі қатынас негізінде болған жиналыстарға ( Сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тыйым салу; сауалнама, баяндама, т.б.) қатысуына ат салысып, ата –ана мен мектептің бала тәрбиесі үшін тығыз байланыста болуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар ұйымдастырылды.

2022 – 2023 оқу жылына арналған 7 – 8 сыныптың тәрбие жұмысының жоспарын белгілеп, мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз етуде, оқушылардың бос уақыттарын есепке алып, пәндік және басқа да үйірме, секцияларға тартуда, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, оқушыларды мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының барлық түрлерімен қамтуда нысаналы жұмыстар атқарылды.

**2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие құндылықтарына арналған жылдық жоспарға сай тәрбие жұмыстары мен сынып сағаттары өткізілді.**

**Тәрбие мақсаты:** Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

**Міндеттері:** - Ата ананың өсиетін тыңдауға,отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге,перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін,мемелекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемелекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс,жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге,салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияионалды тұрақтылыққа баулу
- Табиғатқа,табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу

**Күтілетін нәтиже:**

- Ата –анасын сыйлайды,перзенттік парызын түсінеді, «жеті ата» «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды,отбасы мен берекесін қадірлейді.
- Отаншыл,мемлекетшіл,намысшыл, халқына адал қызмет етуді мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді салт дәстүрерді біледі оны сақтайды
- Әр ісіне қадамына жауапкершілікпен қарайды әдепті және мейірімді сөзіне берік ісіне адал кішіге ізет үлкенге құрмет көрсетіледі,ар ұятты жоғары бағалайды.
- Жан мен тән тазалығын сақтайды дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді эмоционалды жай күйін басқарады.
- Тұратын үйін ауласын қаласын таза ұстайды қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды

Тәрбие құндылықтарын оқушы бойына сіңіріп, арттыру мақсатында төменде көрсетілген 3 құндылықты негізге алып, жылдық тәрбие жұмыстары жүргізілді.

**1. Ұлттық мүдде:**

-Отаншыл, мемелкетшіл және намысшыл;
-Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
-Елінің тарихын құрметтейді;
-Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді;
- Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды;

**2. Ар-ұят:**

-Ар-ұят,адалдықты жоғары бағалайды;

-сөзіне берік,ісіне жауапкершілікпен танытады;
-Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
-Достарын,сыныптастарын сыйлайды;
-Кішіге ізет,үлкенге құрмет көрсетеді;

**3. Талап:**

-Жан мен тән тазалығын сақтайды;
-Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді;
-Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
-Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық;
-Ізденімпаз,жасампаз тұлға;

**Тәрбие бағыты бойынша өткізілген тәрбие сағаттары:**

| Тәрбие бағыттары | Өткізілген тәрбие сағаттары саны |
|---|---|
| **Ұлттық мүдде** | **14** |
| **Ар – ұят** | **11** |
| **Талап** | **10** |

Бекітілген жоспарға сай және білім бөлімі қатынасы негізінде кезген жоспарлар бойынша сынып сағаттары өткізілді. «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ»; «Құқықтық сана, қауымға пана»; «Тәуелсіз елім менін»; «Жасыл шырша жанында»; «Қош, келдің – Әз – Наурыз»;«25 қазан республика күніне орай» ашық есік, ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Сынып сағаттары мен ашық тәрбие сағаттарын өтуде тәрбие жұмысының формасы үнемі түрлендіріліп отырды;

Оқушыларды жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастырып дамытуда сыныптан, сабақтан тыс іс-шараларға, түрлі байқаулар мен спорттық жарыстарға жиі қатыстырылды;

Мектептің тәрбие жұмысының жылдық жоспарын, тәрбие жұмысының мақсатын жүзеге асыру барысында сапалы жұмыстар атқарылды.









2022 – 2023 оқу жылында сабақтан себепсіз қалған, тәртіп бұзған оқушылар болған жоқ.

**Оқушылардың жыл бойына сабаққа қатысымын қадағалау:**

| Қыркүйек | Қазан | Қараша | Желтоқсан | Қаңтар | Ақпан | Наурыз | Сәуір | Мамыр |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 100% | 100% | 100% | 100% | Даулетов Д.А. «Аяла» сауықтыру орталығына жіберілді. 19.01.23 – 02.02.23ж | 100% | Дәулетов Д.А. Медициналық тексеріс 15.03-29.03.24 Бөкенбай Бекарыс Түркістан «Балдәурен» лагері 04.03. - 29.03.24ж | 100% | 100% |

Табысты тәрбие жұмысының негізі – оқу үдерісіне барлық қатысушылардың бірлескен шығармашылық қызметі. Осы орайда оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп үйірмелері жоспарға сай, уақытылы жұмыс жасап келеді.

**Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатысты:**

- **«Жас тарихшылар» және «Дебат»**
- **«Балалар және театр» үйірмесі**
- **«Тоғызқұмалақ» үйірмесі**

Үйірме жұмыстары балалардың өмірін бай және қызықты етеді, физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, адамгершілік және рухани дамуына барынша жағдай жасады.

Ұсыныстар: Үйірмелер жұмысын әртараптандыру қажет, бұл барлық іс-шараларға белсендірек қатысуға мүмкіндік береді. Үйірмелер мен секция жетекшілері өз

жұмыстарын заманауи формалар мен әдістерге сай түрлендіру, АКТ-ны қолдану, ата-аналар жиналысында жарнама беру, мектеп, аудан, облыстық, республикалық деңгейде өткізілетін іс-шараларға қатысу арқылы оқушыларды барынша көп тартуы қажет.

Инклюзивті білім беру бойынша мүмкіндігі шектеулі оқушы – Дәулетов Данабек Асқарұлымен жұмыстар жүргізілді. Оқушыға арнайы стандартты білім беру бойынша бекітілген пәндері оқытылып, мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтары арнайы жұмыстар жасады. Аудандық ауруханаың шешімі негізінде көрсетілген уақыттарды оқушы Ақтөбе қаласы бойынша көрсетілген арнайы білім беру және сауықтыру орындарында жіберілді.

**Ата – аналармен жүргізілген жұмыстар:**

| **Ата – аналармен жүргізілген жұмыстар** | **Өтілген ата – аналар жиналыстары** | **Сынып ата – аналарының сыныптан тыс жұмыстарға қатысымы** |
|---|---|---|
|  | - « Бала тәрбиесі – ортақ іс » (мектеп ережелері; санитарлық жағдай;өмір қауіпсіздігі) ; қатысқаны – 10;<br>- «Әке – тірек; Ана – жүрек; Бала - тілек» (1 тоқсан қорытындысы; үлгерімі, тренинг жаттығу) қатыск-н-10;<br>- «Отбасы + Мектеп+ Қоғам» (2 тоқсан қорытындысы; кибербуллинг, |  |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>әлеуметтік желі)<br>қатысқаны – 10;<br>- «Отбасы – аялы алақан мекені» (3 тоқсан қорытындысы; үлгерімі;); қатысқаны – 10.<br>- «Отбасым – бақыт мекені» (демалыс қауіпсіздігі, лагер жұмыстыр, жаңа оқу жылы мектеп формасы) қатысқаны – 11.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Ата – аналарды педагогикалық қолдау бойынша ай сайын ата – аналармен берілген, бекітілген тақырыптар бойынша жұмыстар өткізілді.<br>Қорытындылай келе,осы оқу жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты.<br>Ата-аналар мен педагог бірлескен жұмысының нәтижесін жеткізу мақсатымен<br>Барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналыстары уақытында қанағаттанарлық деңгейде өтті.<br>Педагогикалық ұжымның тәрбие жұмысын талдай отырып, оқу-тәрбие процесінің ажырамас аспектісі ата-аналар қауымымен жұмыс екенін атап өткен жөн.<br>Жыл бойы ата-аналармен жұмыс жүргізілді, оның мақсаты ата-аналар жиналысы арқылы психологиялық-педагогикалық білім беру, мектеп әкімшілігімен, әлеуметтік мәселелер бойынша психологпен, әлеуметтік педагогпен, балаларды педагогикалық түзету мәселелері бойынша кеңестер беру болды. Жеке отбасылардағы балалар мен ересектер арасындағы қалыптасып келе жатқан қарым-қатынастар, ата-аналар лекциялары, жас ерекшеліктері және баланы тәрбиелеудегі әдіс-тәсілдер туралы жеке әңгімелер, суицидтің, психоактивті заттарды қолданудың, қадағалаусыз және құқық бұзушылықтың алдын алу, сақтау және насихаттау денсаулық сақтау, кәсіптік бағдар беру және бейіндік оқыту бойынша.Қазіргі уақытта ата-аналар қауымдастығының көпшілігі мектеппен ынтымақтастықтың қажеттілігін түсінбейді, өйткені олардың тұрақты жұмысына байланысты олар балаларға жеткілікті уақыт бөлмейді. Сол себепті ата – ана мектеп ұжымымен үнемі тығыз байланыста болып, болашақ жасөспірімнің тәрбиелі тұлға болуына бірлесе ат салысу біздің міндетіміз.</td>
</tr>
</table>

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ұйымдастырған «Ата – аналарды психологиялық – педагогикалық ағартудың ғылыми – әдістемелік негіздері» тақырыбында 80 академиялық сағат көлемінде курсын оқыдым.(29.09.2023ж №13757)


СЕРТИФИКАТ

80

№0030821

**Алдағы уақытта тәрбие жұмысын жоспарлаудағы басым бағыттар:**

- Ұжымдық шығармашылық шараларды жүргізу;
- Кәсіби бағдар беру бағыты бойынша жұмыстарды үйлестіру;
- Мектеп оқушыларының қызығушылығын, қажеттілігін, икемділігін, басқада жеке ерекшеліктерін зерттеу мақсатында : сынып сағаттары, тренингтер, сауалнамалар, идеялар мен ұсыныстар аукционы сынды жұмыстарды ұйымдастыра отырып, олардың ұсыныстарын алдағы тәрбие жұмысын жоспарлауда негізге алу;
- Мектептегі ашық есік күндеріне ата-аналарды шақырып қатыстыру;
- Оқу-тәрбие жоспарын үйлестіре отырып, бірлескен жұмыстарды жүргізу. Жеткіншек шақта оқушының құқығы мен міндеттері кеңейе түседі. Олар өздері шараларды жоспарлап, ұйымдастырып, талдауға үйренеді. Жалпы шараларға қарағанда топтық шаралар басым бола түседі. Себебі балалар зейіндерінің қызуышылығы мен көзқарасына қарай топтала бастайды,ортақ қызығушылықтары пайда болады. Сондықтан өздерінің бойындағы ерекшеліктерін, қасиеттерін, қабілеттерін жүзеге асыратын орта іздей бастайды. Осы қабілеттерін байқап көретін шығармашылық топтар,кеңес,клубтар, топтардағы жұмыстарға ерекше көңіл бөлу керек.

Жасөсіпім бойында ересектіктің белгілері пайда болғанын ескеріп:

• ересек адамының әлеуеттік ролі,жауапкершілігі туралы дұрыс көзқарас қалыптастыру ;
• бір-бірімен қарым-қатынасты серіктестік,сенім, қамқорлық,сыйластық негізінде құруға баулу;
• қарым-қатынастың негізгі түрі –кеңес, ұсыныс,таңдау мүмкіндігін біруге құру;
• шығармашылық пен белсенділікті білдіруге,дамытуға жағдай жасау,орта құру.

• кәсіби бағытына аса көңіл бөлу;

Жасөспірімдермен жұмысты ұйымдастыруда отбасымен тығыз қарым-қатынаста болу маңызды.Отбасының тәрбиелеу типін білу және ата-анаға жасөспірімдерді дұрыс тәрбиелеуде , қиыншылықты жеңуде көмек беру,бағыт көрсету өте маңызды.

**Сынып жетекшісі: Елемесова Мөлдір Айдарқызы**